



Рухани азық

Облыстық Н.Гоголь атындағы ғылыми-әмбебап кітапхананың оқырмандар залында аталмыш кітапхананың ашылғанына 75 жыл толу мерейтойына арналған "Шын жүрегіммен — кітап және достық" атты кеш болып өтті. Аталмыш кешті әдебиет бөлімінің меңгерушісі Людмила Сергеевна Корпунина мен кітапханашы Балжан Оспанқұлова ұйымдастырды. Кешке қаламызда өнер, ғылым, мәдениет, БАҚ саласында еңбек етіп жүрген бір топ адамдар арнайы шақырылды. Осылардың қай - қайсысы болсын мерейтойын атап өтіп отырған кітапханамен үнемі тығыз байланыс жасап, тұрақты оқырмандары болып жүрген жандар.

Кешті ашқан Н.Гоголь атындағы кітапхананың директоры Жанна Шаймұханбетова: — Жылдар алға жылжыған сайын кітапханамыз кітаптармен толыға түсуде. Біздің бір артықшылығымыз ғылыми кітапхана екендігімізде.

Сондықтан да кез келген оқырман өзіне керегін бізден жылдам тауып алады. Қазір аталмыш мәдени ошақ заманауи техникамен қамтамасыз етілді, электронды кітапхана көмекке келді. Жыл өткен сайын оқырмандар қатары өсіп келеді. Түрлі салада еңбек ететін тұрақты оқырмандарымыз біздің кітапхананың нағыз жанашыр досына айналған. Бүгін біз сырласуға кітапханамыздың бір шоғыр достарын қонаққа шақырып отырмыз. Сіздерге хош келдіңіздер деп айта отырып, шығармашылық табыс тілеймін, - деп ақ жарма тілегін жеткізді.

Кешке «Болашақ» университетінің оқытушысы Т.Түркенов, Тәттімбет атындағы өнер колледжі директорының орынбасары Л.Смолина, С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрының режиссері Ә.Оразбеков, сазгер Л.Мельникова, заңгер әрі қаламгер М.Азбанбаев, «Қазақстан - Қарағанды» телекомпаниясының журналисі С.Васильева, журналист Р.Нұрша, суретші А.Бегалин сынды бір топ мәдениет, әдебиет, өнер саласының саңлақтары кітапханаға алғаш қалай келгендігі жөнінде естеліктер айтып, әркім өзінше сый-сияпат жасады. Келген қонақтарға қаламыздағы Тәттімбет атындағы өнер колледжінің студенттерінен құрылған ансамбль күйден шашу

шашты.

Кездесуге келгендер бір - бірімен сырласып, рухани жағынан бір байып қайтты.

Ж.ТОЙБЕК.